



Ауылдық (селолық) жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлықақыларын көтеру белгіленген әлеуметтік қамтамасыз ету, білім және мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесін анықтау туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 08 шілдедегі N 410 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Зырян аудандық Әділет басқармасында 2008 жылғы 17 тамызда N 5-12-68 тіркелді. Күші жойылды - Зырян ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 18 наурыздағы N 2383 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Зырян ауданы әкімдігінің 18.03.2014 N 2383 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 238-бабының 3-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 2-тармағына сәйкес әкімдік
Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Ауылдық (селолық) жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлықақыларын көтеру белгіленген әлеуметтік қамтамасыз ету, білім және мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) 1, 2, 3 қосымшаларға сәйкес а н ы қ т а л с ы н .

2. Тізбе келісуге Зырян ауданының мәслихатына ұсынылсын.

3. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен кейін 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2008 жылғы 1 қаңтардан туындаған қатынастарға қолданылады.

Зырян ауданының әкімі *А. Ракульцев*
З ы р я н а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң
2 0 0 8 ж ы л ғ ы 0 8 ш і л д е д е г і
№ 4 1 0 қ а у л ы с ы н а
1 қосымша

**Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі селолық округтері,
кент әкімдері аппараттарының ауылдық (селолық) жердегі жұмысы**

үшін лауазымдық айлықақыларын көтеру белгіленген әлеуметтік қамтамасыз ету мамандары лауазымдарының тізбесі

1. Әлеуметтік жұмыс бойынша маман, күтім бойынша әлеуметтік жұмысшы.

Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарлама бөлімінің бастығы Р. Оспанова

Зырян ауданы әкімдігінің
2008 жылғы 08 шілдедегі
№ 410 қаулысына
2 қосымша

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі «Зырян ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ауылдық (селолық) жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлықақыларын көтеру белгіленген білім мамандары лауазымдарының тізбесі

1. Мемлекеттік мекеме және қазыналық кәсіпорынның, мектепке дейінгі мемлекеттік мекеменің және қазыналық кәсіпорынның басшысы және басшының орынбасары, меңгерушісі, оның ішінде: кітапхана, интернат, шеберхана меңгерушілері.

2. Педагогикалық қызметкерлер және оларға теңестірілген тұлғалар: барлық мамандықтар мұғалімдері, аға тәрбиеші, тәрбиеші, шебер, аға тәлімгер, оқытушы, концертмейстер, көркемдік жетекші, музыкалық жетекші, нұсқаушы, әлеуметтік педагог, педагог-ұйымдастырушы, қосымша білім беру педагогі, педагог-психолог.

3. Мамандар (бас, аға), соның ішінде: кітапханашы, жолбасшы, хореограф, медицина жұмысшысы.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Зырян ауданы әкімдігінің 2011.12.05 № 803 (жарияланғаннан кейін 10 күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Білім бөлімінің бастығы С. Винивитин

Зырян ауданы әкімдігінің
2008 жылғы 08 шілдедегі
№ 410 қаулысына
3 қосымша

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі «Зырян ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ауылдық (селолық) жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлықақыларын көтеру белгіленген мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесі

1. Ауылдық мәдениет мекемелерінің директорлары мен меңгерушілері.
2. Ауылдық жерде жұмыс істейтін мәдениет мамандары (бас, аға), соның ішінде: кітапханашы, музыкалық жетекші, халық ұжымдарының жетекшісі, халық ансамблінің жетекшісі, көркемөнерпаздар ұжымдарының жетекшісі, хор жетекшісі, студия жетекшісі, үйірме жетекшісі, топ жетекшісі, хореограф, бос уақытты ұйымдастырушы, концертмейстер, бұқаралық іс–шаралар режиссері.
3. Техникалық орындаушылар, соның ішінде дыбыс операторы.

*Мәдениет және тілдерді дамыту
бөлімінің бастығы Р. Шульмина*